

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы «5» ақпандағы
№ 51 бұйрығына 59-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 604-қосымша

**Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған
бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін
«Бейімделген дене шынықтыру» пәнінен жаңартылған мазмұндағы
үлгілік оқу бағдарламасы**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Бейімделген дене шынықтыру» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5 -бабы, б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарламаның мақсаты – сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларда дене мәдениетінің негіздерін еңбекке баулу, ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық тәрбиемен тығыз байланыста қалыптастыру.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) білім алушыларда өз денсаулығына ұқыпты қарау қажеттіліктері мен уәждемесін қалыптастыру;

2) дене жаттығулары және базалық түрлерінің әрекеттері мен тәсілдері арқылы білім алушылардың қимыл-қозғалыс тәжірибесін байыту, төзімділігін, шапшаңдығын, күшін, ептілігін, жылдамдығын дамыту;

3) өзара әрекет ету дағдыларын дамыту: өз мінез-құлқы мен серіктестің мінез-құлқын дұрыс бағалау, қақтығыстарды конструктивті түрде шешу;

4) командалық спорт түрінде – ортақ мақсат пен оған жету жолдарын жоспарлау, бірлескен әрекеттегі рольдерді бөліп алу дағдыларын қалыптастыру;

5) моральдік және ерік-жігерлік қасиеттерін, жетістіктерге жету және қиындықтарды жеңу ынтасын, өзінің тұлғалық және дене ресурстарын жұмылдыру қабілеттерін арттыру.

4. Түзете-дамыту міндеттері:

1) білім алушылардың барлық сенсорлық жүйесін түзету;

2) лексикалық қорды байыту, дұрыс тыныс алу мен дауысты қоюды

қосқанда сөйлеудің техникалық жағын жетілдіру арқылы ауыр сөйлеу бұзылыстары бар білім алушылардың сөйлеудегі коммуникативтік-сөйлеу дағдылары мен коммуникативтік сапасын жетілдіру;

3) білім алушылардың өзін-өзі дұрыс бағалау мен өзін ұстай алу, тәртіпке бағыну, өзара қарым-қатынасы жасаудың серіктестік стилін белгілеу, атқарушылық сауаттылықты қалыптастыру арқылы әлеуметтендіру.

2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

5. Оқу процесі құндылыққа-бағдарланған, іс-әрекеттік, тұлғаға-бағдарланған, саралап оқыту, коммуникативтік тәсілдер негізінде жүзеге асырылады.

6. Құндылыққа-бағдарланған тәсіл білім алушылардың тұлғасының әлеуметтік-маңызды құндылықтар жүйесін, мінез-құлқы мен әрекеттерін, ынтасын қалыптастырылады, бұл тәсіл білім алушылардың ұлттық және спорттық ойындарға қатысуы арқылы жүзеге асырылады да, қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілікке, бір-біріне құрмет көрсетуге, ынтымақтастыққа ұмтылуға, абыроймен жеңіле білуге және жеңіске абыроймен жете білуге тәрбиелейді.

7. Тұлғаға-бағдарланған тәсіл оқу үрдерісін білім алушылардың қозғалыс белсенділігін дамытуға, денсаулығын сақтау мен нығайтуға ықпал ететін және олардың дене, психикалық, тұлғалық ерекшеліктерін ескеретін дайындық, жалпы дамыту жаттығуларды қолдану арқылы жекелендіруге мүмкіндік береді.

8. Іс-әрекеттік тәсілдің қағидасы – өзара түсіністік пен ынтымақтастық бастамасымен мұғалім мен білім алушылардың бірлескен қызметіне негізделіп, жалпы және ұсақ моторикасының бұзылыстары бар балаларға ерекше көңіл бөлу.

9. Саралап оқыту тәсілі - негізі медициналық тексерудің мәліметтері, психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес ұсыныстары, бағдарламамен қарастырылған бақылау нормативтерін тапсыруға дайындығын алдын-ала тексеру нәтижелері бойынша білім алушылардың әртүрлі топтары үшін оқу процесін мамандандыру.

10. Түзете-дамыта оқыту тәсілі сөйлеу тілі мен танымдық процестерін, жалпы, ұсақ және сөйлеу моторикасын түзетуге бағытталған арнайы техникалар мен технологиялар және оқыту құралдары арқылы іске асады.

11. Коммуникативтік тәсіл – өзара әрекеттесуде вербалды және вербалсыз құралдар арқылы қарым-қатынас жасауға, тілдік және сөйлеу нормаларының жүйесін дұрыс қолдануға, жағдаятқа сәйкес қатынас жасаудың мінез-құлқын дұрыс таңдауға мүмкіндік береді.

12. Білім алушыларды дене тұрғысынан тәрбиелеу келесі қағидалар негізінде жүзеге асады:

1) барлық сабақ барысында сөйлеу тәртібін сақтау: айтылуын бақылау,

әрбір білім алушының ауызша тіліндегі аграмматизмдерді жою, тұтығатын балалардағы сөйлеудің қарқыны мен ырғағын қалыпқа келтіру;

2) сабақта сөйлеу қатынасы жағдайын жасау мақсатында білім алушыларды топтастыру, қарым-қатынас жасау ситуациясын үлгілеу;

3) сабақтағы қызмет түрлері мен қарқынының жиі ауысуы;

4) жауап беру, талқылау, өзара байланысқан сөйлемдерді құруға көмектесетін сөйлеу конструкциялары, сөйлемдер мен фразалар нысанына арналған шаблондар жиынтығын, алгоритмдерді, жоспарларды, сызбаларды пайдалану арқылы білім алушылардың сөйлеу қызметін қолдау.

13. Сабақтың түзеу-сауықтыру бағытында гимнастиканың әрқилы түрлерін қолданады: дәстүрлі тыныс алу гимнастикасын, А.Стрельникованың парадоксалды тыныс алу гимнастикасын, саусақ, артикуляциялық гимнастиканы, психогимнастиканы, бұлшықет релаксациясы мен ми жартышарларының жұмысын синхронизацияла және өзара әрекетін дамытуға бағытталған кинезологиялық бағдарламаларын.

14. Бейімделген дене шынықтыру сабағындағы түзеу ритмикасының элементтері ырғақты сезінуді күшейтуге, сөйлеу қозғалысы мен есту анализаторларын дамытуға, тыныстың реттелуіне, жүрудің мәнері мен дене мүсінін дұрыс қалыптасуына, түзелуіне ықпал етеді.

15. Оқытушының логопедпен, психологпен, медициналық қызметкерлермен жүйелі түрде әрекет етуі және алалиялық немесе дизартриялық компоненттері, ринолалиясы, тұтығуы, аутизмі бар білім алушыларды сабақта жекелей түзете қолдауға мүмкіндік беретін арнайы әдістерді қолдана білуі оның кәсіби қызметіне жатады.

16. Білім алушыларының тәуелсіз түрде өмір сүру дағдыларын дамыту және функционалды сауаттылығын қалыптастыру мақсатында, дене жағдайының өзіндік диагностикасына жататын дағдыларды, өзін-өзі уқалау дағдыларын үйретуге және алғашқы медициналық көмек көрсету икемдерін қалыптастыру мен автоматтандыруға назар аударылады.

3-тарау. «Бейімделген дене шынықтыру» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

17. «Бейімделген дене шынықтыру» бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 0-сыныпта - аптасына 3 сағат, оқу жылында 96 сағатты;

2) 1-сыныпта - аптасына 3 сағат, оқу жылында 99 сағатты;

3) 2-сыныпта - аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты;

4) 3-сыныпта - аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты;

5) 4-сыныпта - аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты құрайды.

18. Бағдарламаның мазмұны келесідей бөлімдерді қамтиды:

1) «Қозғалыс қызметі» бөлімі;

2) «Қозғалыс дағдылары арқылы сыни ойлауды және шығармашылық қабілеттерін дамыту» бөлімі;

3) «Денсаулық және салауатты өмір салты» бөлімі.

19. «Қозғалыс қызметі» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) жеңіл атлетика;

2) акробатика элементтері бар гимнастика;

3) шаңғы/кросс/коньки тебу дайындығының негіздері.

20. «Қозғалыс дағдылары арқылы сыни ойлауды және шығармашылық қабілеттерін дамыту» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) өзара әрекет ету ойындары (2-сыныптан бастап);

2) қозғалыс ойындары;

3) қазақтың ұлттық қозғалыс және танымдық ойындары.

21. «Денсаулық және салауатты өмір салты» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) қауіпсіздік техникасы;

2) денсаулық және дене белсенділігі.

22. 0-сыныпқа арналған «Бейімделген дене шынықтыру» пәнінің базалық мазмұны:

1) пәнді оқытуға кіріспе: дене тәрбиесі – денсаулық сабағы, сенің дене мүмкіндіктерің;

2) жеңіл атлетика: жүгіру және жүру. Секіру және лақтыру;

3) акробатика элементтері бар гимнастика: сымбат және координация. Гимнастикалық фигуралар. Қарапайым гимнастикалық снарядтар негізіндегі қозғалыстар. Кеңістіктегі әрекеттер. Имитациялық жаттығулар;

4) қазақтың ұлттық қозғалыс ойындары: қазақ халқының дәстүрлері. Ұлттық қозғалыс ойындары: «Жапалақ пен қарлығаштар», «Балапандар»;

5) қозғалыс ойындары: ойын – дене тәрбиесінің құралдары. Сюжеттік қозғалыс ойындары. Заттармен қозғалыс ойындары «допты тап», «Әткеншек». Секіргішпен ойналатын ойындар мен жаттығулар;

6) өзара әрекет ету ойындары: шағын топтар мен жұптасу кезіндегі қарым-қатынас дағдылары. Ойындарға арналған шығармашылық идеялар. Қарым-қатынастық дағдыларды дамытуға арналған «Кімді ұстағанымызды тауып көр» ойыны;

7) қауіпсіздік техникасы;

8) денсаулық және дене белсенділігі: дене жаттығу сабақтарының пайдасы. Қозғалыс – денсаулыққа апарар жол. Адамның жүрек қағымы мен тыныс алуы. Тірек-қимыл аппаратының дамуы. Таза ауадағы дене қызметі. Қозғалыс дағдылары. Жылдамдық, күш және шапшаңдық. Секіруді дамыту. Қозғалыс қызметіндегі белсенділік пен тұрақтылық.

23. 1-сыныпқа арналған «Бейімделген дене шынықтыру» пәнінің базалық мазмұны:

1) пәнді оқытуға кіріспе: дене мәдениеті дегеніміз не? Күн тәртібі. Таңғы жаттығу және жаттығу минуттары;

2) жеңіл атлетика: жүгіру және жүру. Секіру және лақтыру. Эстафеталар;

3) акробатика элементтері бар акробатика: мүсін және координация.

Гимнастикалық фигуралар. Қарапайым гимнастикалық снарядтағы қозғалыстар. Имитациялық жаттығулар;

4) қазақтың ұлттық қозғалыс ойындары: қазақ халқының дәстүрлері мен мәдениетімен танысу. «Ақ сүйек», «Ақ таяқ» ойындары. Қозғалыс ойындары арқылы еліктіру;

5) қозғалыс ойындары: ойын – дене қасиеттерін дамыту құралдары. «Қаздар-аққулар» сюжеттік-рөлдік қозғалыс ойыны. Ойын кеңістігі. Заттармен қозғалыс ойындары. Доппен ойналатын ойындар. Секіргішпен ойындар мен жаттығулар;

6) өзара әрекет ету ойындары: «Тезірек орын тап» ойыны арқылы шығармашылық және қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Ойындар арқылы шығармашылық қабілетті дамыту. Қарым-қатынас дағдыларын дамытуға арналған ойындар. Шағын топтар мен жұптасатын ойындардағы қарым-қатынас дағдылары;

7) қауіпсіздік техникасы;

8) денсаулық және дене белсенділігі: денсаулық туралы түсінік. Дене жаттығулары сабақтарының пайдасы. Сенің дене мүмкіндіктерің. Қозғалыс дағдылары. Жылдамдық, күш және шапшаңдық. Секіруді дамыту. Дене қызметі кезіндегі адамның жүрек соғысы мен тыныс алуы. Тірек-қимыл аппаратын дамыту. Қозғалыс қызметіндегі белсенділік пен дербестілік. Таза ауадағы дене қызметі.

24. 2-сыныпқа арналған «Бейімделген дене шынықтыру» пәнінің базалық мамұны:

1) пәнді оқытуға кіріспе: денсаулықтың негізгі түсініктеріне шолу жасау;

2) жеңіл атлетика: таңғы жаттығу жиынтығы. Жүгіру, секіру және лақтыру дағдылары. Жүгіру, секіру және лақтыру элементтері бар эстафеталар. Ұзындыққа және биіктікке секіру;

3) акробатика элементтері бар гимнастика: гимнастикалық жаттығулар. Өрмелеу және бірнеше мәрте өрмелеу. Тепе-теңдікті дамыту;

4) қазақтың ұлттық қозғалыс ойындары: қазақтың ұлттық ойындарымен танысу. Қазақтың ұлттық жүгіру ойындары («Бәйге»). Сюжеттік-рөлдік ойындар: «Аққасқыр - байланған қасқыр». Серіктестік және шынайы ойын;

5) қозғалыс ойындары: қозғалыс ойындары – спорттық ойындардың негізі. Қозғалыс ойындарының әрқилылығы. Қозғалыс ойындарындағы қозғалыс дағдылары. «Доп кімде?» деп аталатын доппен ойналатын қозғалыс ойыны. Қозғалысы көп ойындар. Аттракциондық ойындар. Кіріктірілген ойындар. Стандарттық емес құралдарды қолданушы ойындар. Шабуылдаушы әрекеттер бар ойындар;

6) өзара әреке ететін ойындар: жұптасатын және топтық ойындар. Топтарда және жұп болу кезіндегі жұмыстар. «Аю мен аралар» ойынындағы жұптасу және топтасу жұмыстары. Қарым-қатынас дағдыларды дамыту. Жекелей шығармашылық қабілеттер. Топтық қызмет арқылы көрінетін шығармашылық;

7) қауіпсіздік техникасы: спорт зал және спорт алаңқайларындағы қауіпсіздік техникасы;

8) денсаулық және дене белсенділігі: дене жүктемесі арқылы күшті дамыту. Төзімділікке тәрбиелеу. Денеге күш түсіру кезіндегі организмдегі өзгерістер. Дербес қозғалыс қызметі кезіндегі прогресс. Ашық ауадағы дене қызметі.

25. 3-сыныпқа арналған «Бейімделген дене шынықтыру» пәнінің базалық мазмұны:

1) пәнді оқытуға кірісу: салауатты өмір салты түсінігін қалыптастыру;

2) жеңіл атлетика: әртүрлі қозғалыс түрлеріне арналған сергітпелер. Жүгіру, секіру және лақтырудың әрқилылығы. Жеңіл атлетика элементтері бар эстафеталар. Жүгіру ойындарына қатысу. Ұзындық пен биіктікке секіру. Лақтырумен жүргізілетін тәжірибелер;

3) акробатика элементтері бар гимнастика: аэробика элементтері бар гимнастика. Гимнастикалық жаттығулар реттілік. Тепе-теңдікті дамытуға арналған ойындар;

4) қазақтың ұлттық қозғалыс ойындары: «Айгөлек» қазақтың ұлттық ойынымен таныстыру. Серіктестік және әділ ойын;

5) қозғалыс және спорттық ойындар: қозғалыс ойындарындағы қозғалыс дағдылары. «арық арқылы секіру» қозғалыс координациясы бойынша қозғалыс ойыны. Әсер етудің жылдамдығына қозғалыс ойындары. Ұжымда жұмыс жасай алу;

6) өзара ету ойындары: командалық ойындар элементтері. Ойын арқылы әлеуметтік дағдылары. Ойындардағы қарым-қатынас дағдылары. Жарысу элементтері бар ойындар. Дәлдік пен нақтылықты дамытуға арналған ойындар. «Бос орын» ойыны. Дамытушы ойындар. Жүп және топтардағы ойын жұмысына арналған тапсырмалар. Баскетбол элементтері бар эстафеталар. Топтардағы шығармашылықты дамыту ойындары;

7) қауіпсіздік техникасы;

8) денсаулық және дене белсенділігі: дене жүктемесі кезінде өз-өзін бақылау. Дене белсенділігі және төзімділік. Төзімділікті дамытуға арналған ойындар. Дене жаттығулары арқылы шапшаңдықты дамыту. Қозғалыс және еріктік қасиеттерді дамыту. Топтық қозғалыс қызметіндегі прогресс.

26. 4-сыныпқа арналған «Бейімделген дене шынықтыру» пәнінің базалық мазмұны:

1) жеңіл атлетика: қысқа қашықтыққа жүгіру. Ұзындыққа секіру негіздері. Әртүрлі типтегі лақтырулармен тәжірибелер. Жеңіл атлетика элементтерімен тәжірибе;

2) акробатика элементтерімен гимнастика: гимнастиканың негізгі элементтері. Жалпы дамытушы жаттығулар кешені. Акробатиканың қарапайым элементтері. Қарапайым гимнастикалық снарядтардағы жаттығулар. Гимнастикалық құралдармен тапсырмалар;

3) шаңғы/кросс/коньки тебу дайындығының негіздері: тапсырмалар

арқылы дене жағдайының компоненттерін дамыту. Аэробикалық жаттығулардың пайдасы. Қашықтыққа жүру тапсырмасы;

4) қазақтың ұлттық ойындары: қазақтың қозғалыс ойындары: «Тоқта», «Күміс алу». Ұлттық танымдық ойындары: «Тоғыз құмалақ»;

5) қозғалыс және спорттық ойындар: спорттық ойындардың жеңілдетілген нұсқалары. Волейбол доптарымен ойналатын ойындар. Спорттық сипаттағы ойындар. Техникасы қарапайым элементтерден тұратын тапсырмалар. Командада жұмыс жасау негіздері;

б) өзара әрекет ету ойындары: баскетбол элементтері бар ойындар. Допты игеру дағдыларын дамыту. Допты қолданумен жаттығулар құрау. Ойындардағы командалық әрекеттер. Доппен ойналатын түрлі ойындар. Біріккен және оқиғаларға негізделген тапсырмалар: көшбасшылық және серіктестік. Біріккен және оқиғаға толы тапсырмалар арқылы оқыту. Ойындарда елестетуді дамыту;

7) қауіпсіздік техникасы;

8) денсаулық туралы білім және тәжірибе арқылы дағдыларға ие болу: ойын қозғалыстары қатары арқылы көрінетін денсаулық компоненттерінің көрінуі. Денсаулық пен жүгіру дағдыларын дамыту.

4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

27. Бағдарламада оқу мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодта бірінші сөз сынып, екінші және үшінші сандар – бөлім мен тарау, төртінші сан оқу мақсатының нөмірін көрсетеді. Мысалы, 1.2.1.1 кодталуында «1»-сынып, «2.1» - бөлімше, «1» - оқу мақсатының нөмірі.

28. Оқыту мақсаттарының жүйесі бойынша күтілетін нәтижелер:

1) «Қозғалыс қызметі» бөлімі:

1-кесте

Бөлімше лер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1.1 Жеңіл атлетика	0.1.1.1 мұғаліммен бірге оған ұқсатып негізгі қозғалыстар ды орындау; 0.1.1.2 негізгі пәндік	1.1.1.1 өздігінен, сөздік нұсқаулар бойынша негізгі қозғалыстар ды білу және орындай алу 1.1.1.2	2.1.1.1 дене жаттығула рын орындау кезінде негізгі қозғалыста рдың сапасын жақсарту; 2.1.1.2	3.1.1.1 негізгі дене жаттығулар ын орындау кезінде негізгі қозғалыс дағдыларын ың сапасын бағалау; 3.1.1.2 технология	4.1.1.1 әртүрлі жаттығулар ды өздігінен орындау кезінде негізгі қозғалыс дағдылары мен икемдерін көрсету;

	<p>терминдерді түсіну; .1.1.3 мұғаліммен бірге әрекет ету; деңгейінде негізгі дене қозғалыстарын орындау; 0.1.1.4 нормативті, жалпы қолданыстағы ишараттардың мәнін түсіну, дауыстың, ырғақтың күші мен жоғары болуының әлеуметтік мәнін түсіну; 0.1.1.5 дене жаттығуларын орындау кезінде пайда болатын қиындықтарды түсіну және сөзбен жеткізу; 0.1.1.6 сөйлеу этикетінің формулаларын бағытты</p>	<p>негізгі пәндік терминдерді игеру, оларды сөйлеуде қолдану; 1.1.1.3 негізгі дене қозғалыстарын үлгі бойынша және ұқсаттырып орындау, оларды қарапайым дене жаттығуларымен байланыстыру; 1.1.1.4 жаттығуларды орындау техникасын нақтылау мен түзеу үшін тікелей сұрақтар қою 1.1.1.5 дене жаттығуларын орындау кезінде пайда болатын қиындықтарды білу; 1.1.1.6 қиындықтар</p>	<p>пәндік-графикалық сызба бойынша тірек сөзбен бағалаушы пікір құрау; 2.1.1.3 негізгі дене қозғалыстарын сөзбен берілген нұсқаулықта білу және орындау, оларды жаттығулармен байланыстыру; 2.1.1.4 жаттығуларды орындау техникасын түсіну, нақтылауға қатысты сұрақтар қою; 2.1.1.5 дене жаттығуларын орындау кезінде пайда болатын қиындықта</p>	<p>лық жоспар жоспарға тірек ретіндегі тапсырманы орындау барысын сөз түрінде көрсету; 3.1.1.3 әртүрлі дене жаттығуларын орындау кезінде бір жаттығудан екінші жаттығуға баяу өтіп, негізгі қозғалыстарды өздігінен байланыстыру; 3.1.1.4 дене жаттығуларын орындау техникасын нақтылау үшін тікелей, жанама және балама сұрақтар қою; 3.1.1.5 қозғалыс қызметінің әрқилы деңгейлерін дегі қиындықтардың</p>	<p>4.1.1.2 берілген тақырыпқа талқылау мәтінін құрастыру; 4.1.1.3 жаттығулар сериясында қозғалыстарды орындау сапасының барынша қолжетімділігін көрсету; 4.1.1.4 жаттығуларды орындау сапасы туралы бағалаушытық пікір құрастыру; 4.1.1.5 оларды орындау кезіндегі тәуекелдерді азайтуды көрсете отырып, жаттығуларды орындау деңгейін тану; 4.1.1.6 жолдастың көмегімен мақсатты түрде көмек беру</p>
--	--	--	---	---	--

	және ынталы түрде пайдалану;	дың алдын-алу үшін көмекке жүгіне алу	рдың алдын-алу дағдылары н игеру; 2.1.1.6 эмоционалды жағдайды өздігінен басқара алудың қарапайым тәсілдерін білу	себептеріне талдау жасау; 3.1.1.6 психофизикалық күш салуды алу үшін тыныс алу техникаларын пайдалану	
1.2 Акробатика элементтері бар гимнастика	0.1.2.1 әртүрлі дене жаттығуларындағы қозғалыстарды орындау кезіндегі ырғақтылық, кеңістік, салмақ, уақыт туралы қарапайым түсініктерге ие болу, 0.1.2.2 негізгі қозғалыстарды орындау сапасына бақылау жасау үшін көру анализаторларын пайдалану; 0.1.2.3 мұғалімнің көмегімен	1.1.2.1 қозғалыстарды орындау контексіндегі «ырғақтылық» және «уақыт», «кеңістік», «салмақ» түсініктерін е бағытталу; 1.1.2.2 оқу тапсырмаларының орындалуын дұрыстығын бағалау; 1.1.2.3 әртүрлі кеңістікте жасалатын қарапайым қозғалыстар қатарын білу және орындау;	2.1.2.1 дене жаттығулары орындау кезінде уақыт, кеңістік және ырғақтылық түсініктеріне түсініктемесі беру; 2.1.2.2 оқу қызметінің жетістігі (сәтсіздіктерін) себептерін сөзбен айту және оларға қол жеткізу үшін конструктивті түрде	3.1.2.1 қозғалыстарды орындауда уақыт, кеңістік және ырғақтылық түсініктерін көрсету; 3.1.2.2 дене жаттығуларын орындау процесіндегі алдын-ала, қадамды және қорытынды өзіндік бақылау 3.1.2.3 кеңістік және қарқынмен орындалатын қозғалыс қатарын өздігінен	4.1.2.1 кеңістік, уақыт туралы білімді көрсетуші бірізділік, нақты және тиімді дағдылар қатарын қолдана алу; 4.1.2.2 жаттығуларды орындау техникасын өзара және өзіндік бақылау жасау бағытын жүзеге асыру; 4.1.2.3 өлшемдер бойынша қозғалыстарды орындау

	<p>әртүрлі кеңістіктерде қарапайым қозғалыстарды жасау; 0.1.2.4 білім алушының ауызша нұсқаулығы бойынша әрекет ете алу; 0.1.2.5 мұғалімнің көмегімен қозғалыс дағдылары бойынша өзінің икемдері мен кемшіліктерін түсіну және бағалау; 0.1.2.6 вербалды, паравербалды, вербалды емес құралдарды пайдалана отырып, көмекке жүгіне алу</p>	<p>1.1.2.4 мұғаліммен бірге оқу тапсырмаларын тұжырымдау; 1.1.2.5 өздерінің қозғалыс дағдыларын орындаудағы икемдері мен кемшіліктерін сипаттай алу; 1.1.2.6 пәндік лексиканы пайдаланумен бағалауыштық пайымдауды құру</p>	<p>әрекет ете алу; 2.1.2.3 кеңістіктегі және қарқынды түрде қарапайым өзгерістер мен келетін қозғалыстарды түсіну және бере алу; 2.1.2.4 өз әрекеттерін реттеу үшін сөйлеуді қолдану; 2.1.2.5 қозғалыс дағдыларын игере алуы мен кемшіліктерін түсіну және түсіндіру; 2.1.2.6 қарым-қатынастық және танымдық тапсырмаларды шешу үшін сөйлеу құралдарын пайдалану</p>	<p>орындауды көрсету; 3.1.2.4 оқу әрекеттерінің жоспары мен алгоритмінің құру; 3.1.2.5 жаттығуларды үздік орындау үшін әлеуетін анықтау; 3.1.2.6 қарым-қатынас кезінде шығармашылық және ізденушілік сипаттағы мәселені бірге шешу</p>	<p>сапасына талдау жасау; 4.1.2.4 пәндік лексиканы пайдаланумен конструктивтік диалог құру; 4.1.2.5 оқу нәтижесіне қол жеткізудің анағұрлым тиімді тәсілдерін анықтау және ұсыну; 4.1.2.6 алға қойылған міндетке сәйкес оқу әрекеттерін жоспарлау, бақылау және бағалай алу</p>
--	---	---	--	--	---

<p>1.3 Шаңғы тебу/кро сс/ коньки тебу дайынд ығының негіздер і</p>					<p>4.1.3.1 сабақтан кейін құралдарға күтім жасау, шаңғы, коньки тебуге өзіндік дайындықта ы ұйымдасты ру; 4.1.3.2 тоқтату техникасы, коньки мен шаңғының негізгі қадамдарын игеру, шаңғы мен коньки тебу техникасы, оларда тұрудың техникасын игеру; 4.1.3.3 тыныс алуды қалыпқа келтіру үшін тыныс алу және дене жүктемесін төмендету жаттығулар ын жасау, аэробика жаттығуы кезінде</p>
--	--	--	--	--	---

					өзінің қал- жағдайын бақылауға алу
--	--	--	--	--	---

2) «Қозғалыс дағдылары арқылы сыни ойлау мен шығармашылық қабілетті дамыту» бөлімі:

2-кесте

Бөлімше лер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
2.1 Өзара әрекет ету ойындар ы	0.2.1.1 мұғалімнің бағыттаушы көмегін қолдана отырып, ұжымдық дене қызметі процесіндегі стратегияла р мен жоспарлар, қозғалыс идеяларын жүзеге асыру; 0.2.1.2 физикалық міндеттерді шешу процесіндегі оқу міндетін сақтап қалу; 0.2.1.3 топта мұғалімнің көмегімен коммуникат ивтік	1.2.1.1 ұжымдық дене жаттығуы кезіндегі қозғалыс идеялары, стратегияла ры мен жоспарлары н білу және түсіну; 1.2.1.2 қозғалыс операцияла рын жүзеге асыру сапасына бақылау жасау үшін әртүрлі анализаторл арды пайдалану; 1.2.1.3 қарым- қатынас жасау және өзара әрекет ету кезінде серіктестің позициясын	2.2.1.1 қозғалыс идеяларын , стратегиял ары мен жоспарлар ын талқылау және көрсету; 2.2.1.2 оқу тапсырмал арын сыныптаст арымен өнімді түрде бірге жұмыс жасау; 2.2.1.3 қозғалыс мақсаттар ына қол жеткізу үшін жұмыс жасау дағдысын көрсету; 2.2.1.4	3.2.1.1 қозғалыс идеялары, стратегияла ры мен жоспарлары қатарында балама шешімдерді қолдану; 3.2.1.2 тиімді оқу диалогыны ң бастамасы және оны қолдау; 3.2.1.3 көшбасшыл ққты ауыстыруме н өзіндік және командалық жұмыстың мәнін түсіну және көрсету; 3.2.1.4 жалпы мақсаттарға қол жеткізу контексінде	4.2.1.1 балама шешімдерде гі стратегияла р мен жоспарлар, қозғалыс идеяларын тұжырымда у және жүзеге асыру; 4.2.1.2 бірге атқарылаты н әрекетте ортақ бір шешімге келу; 4.2.1.3 қозғалыс мақсаттары на қол жеткізу үшін топта және өз алдына дербес түрде жұмыс жасай алу;

	тапсырмаларды шешуді ұйымдастыру; 0.2.1.4 қозғалыс мақсаттарына қол жеткізу үшін оны жасай алу	а бағытталу; 1.2.1.4 қозғалыс мақсаттарына қол жеткізу үшін жеке дағдыларды жетілдіру	қозғалыс мақсаттарына қол жеткізу үшін жеке дағдыларын дұрыс бағалау	жеке дағдылармен қабілеттерді бағалау	4.2.1.4 өзара біріккен істе өз қатарластарымен оңа қарым-қатынас жасау және өзара әрекет ету
2.2 Қозғалыс ойындары	0.2.2.1 әртүрлі дене жаттығуларын орындау кезінде жағымды оқу ортасын құру маңыздылығын түсіне отырып, кеңістікті мұғалімнің басшылығымен бөлу; 0.2.2.2 қарым-қатынас жасау және өзара әрекет ету кезінде серіктеске бағытталу; 0.2.2.3 мұғалімнің ұйымдастырушылық көмегімен дене белсенділігі кезінде қарапайым	1.2.2.1 әртүрлі дене жаттығуларын орындау кезінде жағымды білім беру ортасын құру маңыздылығын сезіне отырып, ресурстармен идеяларды, кеңістікті бөлу; 1.2.2.2 дене жаттығуларын орындау кезінде өзара көмек көрсету; 1.2.2.3 мұғалімнің бағыттаушы көмегімен ойын кезінде қарапайым ережелер	2.2.2.1 әртүрлі дене жаттығуларын орындау кезінде идеялармен ресурстар, кеңістікті ауыстыру туралы білімді бекіту; 2.2.2.2 жағымды білім беру ортасын құру маңыздылығын көрсету, бәсекелеске сыйластық қарым-қатынас таныту; 2.2.2.3 ережелермен	3.2.2.1 әртүрлі дене жаттығуларын орындау кезінде идеялармен ресурстарды ауыстыру мүмкіндігін бағалау; 3.2.2.2 вербалды және вербалды емес деңгейде бәсекелеске құрмет көрсету; 3.2.2.3 ойын барысында құрылымдық тәсілдермен ережелерді білу және пайдалана алу; 3.2.2.4 өзінің сөйлеудегі	4.2.2.1 әртүрлі дене жаттығуларын орындау кезінде жағымды эмоционалды және дидактикалық ортаны құру маңыздылығын сезіне отырып, идеялармен ресурстарды, кеңістікті бөле алу; 4.2.2.2 өнімді іскерлік қарым-қатынас жасаудың негізгі дағдыларын көрсету; 4.2.2.3 ойын барысында құрылымдық тәсілдер

	<p>ережелер мен құрылымдық тәсілдерді білу және орындау; 0.2.2.4 оқу тапсырмаларын тыңдау. түсіну және қабылдау</p>	<p>мен құрылымдық тәсілдерді атау және пайдалану; 1.2.2.4 қиындықтарды жеңуге тырысу және оң нәтижелерге қол жеткізуді көрсету</p>	<p>құрылымдық тәсілдерді талқылау, олардың ұжымдық дене жаттығуларын орындау кезінде дайындығын көрсету; 2.2.2.4 мұғалім мен өз қатарының бағалауын дұрыс қабылдау</p>	<p>мінез-құлқын, қоршаған ортаның мінез-құлқын дұрыс бағалау</p>	<p>мен ережелерді жасау және қолдану; 4.2.2.4 алға қойған мақсаттарға қол жеткізу үшін еңбексүйгіштік пен табандылық, тәртіпті көрсету</p>
<p>2.3 Қазақтың ұлттық қозалыс және танымдық ойындары</p>	<p>0.2.3.1 мұғаліммен бірге шығармашылық тапсырмаларды шешу; 0.2.3.2 сөйлеудің дыбыстық мәдениетін жетілдіруге ұмтылуды көрсету; 0.2.3.3 негізгі шығармашылық стратегиялар идеяларды білу; 0.2.3.4</p>	<p>1.2.3.1 шығармашылық тапсырмаларды түсінуді көрсету; 1.2.3.2 ауызша сөйлеуді өзіндік бақылауды көрсету; 1.2.3.3 негізгі шығармашылық стратегиялар мен идеяларды атау және пайдалану,</p>	<p>2.2.3.1 конструктивті шешімдерді ұсына отырып, шығармашылық тапсырмаларды қатысуға қатысу; 2.2.3.2 сөйлеу қызметін өзіндік бақылау және өзіндік түзетуге бағыттауды жүзеге</p>	<p>3.2.3.1 конструктивті жолдарды ұсына отырып, шығармашылық міндеттерді шешу үшін күш біріктіру; 3.2.3.2 сөйлеу қызметінің мақсатты түрде бағытталған өзіндік бақылауы мен өзара бақылауын жүзеге</p>	<p>4.2.3.1 шығармашылық міндеттерді шешу үшін координатордың рөлін атқару; 4.2.3.2 қазақтың ұлттық қозғалыс және танымдық ойындарының ережелерін білу түсіндіре алу (бесеуден кем емес);</p>

	<p>оқу міндеттерін түсіну, нақтылау сұрақтарын қою; 0.2.3.5 патриотизм және оның көріну жолдары туралы негізгі түсініктерге ие болу; 0.2.3.6 пәндік лексиканы пайдаланумен әрекеттерді сөзбен жеткізу; 0.2.3.7 сюжеттік ойында қарапайым қозғалыстарды орындау кезінде өз рөлін түсіну</p>	<p>оны мұғалімге көрсету; 1.2.3.4 паравербалды құралдарды дұрыс пайдалана отырып, оқу міндеттерін түсіну, нақтылау сұрақтарын қою; 1.2.3.5 бастауыш мектепте білім алушылардың әлеуметтік рөлі контекстінде патриотизмнің мәні неде соны түсіну; 1.2.3.6 оқу тапсырмасын ұстап тұру және тұжырымдау; 1.2.3.7 өзінің рөлін білу және оның ойын барысындағы орындауын</p>	<p>асыру; 2.2.3.3 шығармашылық қабілеттермен жылпыландыру және оларды мұғалімдермен қатарластарына көрсету; 2.2.3.4 жеке тұлғалық рефлексия, ортақ әрекет етудегі мәселелерді шешу үшін сөйлеуді қолдану; 2.2.3.5 әділ бәсекелестің мәнін түсіне отырып, өзара әрекет ету және патриотизм сезіміне екенін білу; 2.2.3.6 қарым-қатынастық кезінде</p>	<p>асыру; 3.2.3.3 шығармашылық қабілеттермен идеяларды анықтау және талдау, оны мұғалімдерімен өз қатарластарына беру; 3.2.3.4 мәні бар сөйлемдерді дұрыс құрау: өтініш, шақыру, тілек айту, сыпайы түрде бас тарту; 3.2.3.5 патриотизмнің мәнін түсіндіру және өзара әрекет етумен әділ ойынды көрсету; 3.2.3.6 вербалды және вербалды емес деңгейлерде командалық өзара әрекет етуде тиімді</p>	<p>4.2.3.3 әртүрлі жағдайларда берілетін жана идеяларды құру үшін шығармашылық қабілетпен идеяларды өзгелерімен біріктіру; 4.2.3.4 өзіне және өз сыныптастарына деген оң көзқарасты вербалды және вербалды емес түрде көрсету; 4.2.3.5 жекелей және топтық дене жаттығулары кезіндегі әділ бәсекелестік және патриотизм сезімін көрсету; 4.2.3.6 талқылау мәтінінің құрылымын а сүйене отырып, өз</p>
--	--	---	--	---	---

		бақылау	пәндік терминдерді пайдалану; 2.2.3.7 ойын аяқталған ша өз рөлінің орындалуын сараптау	өзара қарым-қатынас дағдыларын игеру; 3.2.3.7 ойын барысында өз рөлінің өзгеруін негіздеу	позициясын сенімді түрде дәлелдеу; 4.2.3.7 олардың айырмашылықтарын түсіне отырып, ойын барысында әртүрлі рөлдерді тәжірибеде өткізу
--	--	---------	--	---	--

3) «Денсаулық және салауатты өмір салты» бөлімі:
3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
3.1 Денсаулық және дене белсенділігі	0.3.1.1 адам өміріндегі денсаулықтың мәні туралы түсінікке ие болу, оны сақтау үшін дене қызметінің рөлін түсіну; 0.3.1.2 белсенді тыңдау дағдысына ие болу; 0.3.1.3 денені сергіту	1.3.1.1 дене қызметінің маңыздылығын түсіну, денсаулықты сақтауы тәсілдері туралы білімді көрсету; 1.3.1.2 графикалық сызбаға тірек ретінде денсаулыққа арналған дене жаттығуының мәні	2.3.1.1 дене жаттығуларының сауықтырушы пайдасы туралы талқылау және сипаттау; 2.3.1.2 тірек сөздер және жоспар бойынша талқы мәтін құрау; 2.3.1.3	3.3.1.1 денсаулықты бекітуге ықпал етуші дене жаттығуларының сауықтырушы пайдасын түсіну және ол туралы білімді көрсету; 3.3.1.2 публицистикалық стильде «Салауатты өмір салты» тақырыбын	4.3.1.1 денсаулық және салауатты өмір салты үшін және дене жаттығуының маңыздылығын түсіну және талдау; 4.3.1.2 денсаулыққа арналған дене жаттығуының мәні туралы презентация

	<p>және тоқтаусыз жасалатын жаттығулар туралы түсінікке ие болу, олардың дене қызметіндегі орнын білу; 0.3.1.4 мұғалім көмегімен дене жаттығуларын орындау кезіндегі организмдегі дене өзгерістерін сезіну; 0.3.1.5 ұқсату бойынша релаксация техникасын жүзеге асыру</p>	<p>туралы талқы мәтін құрау; 1.3.1.3 сергіту және тоқтаусыз жасалатын жаттығулардың дене қызметіндегі маңыздылығын түсіну; 1.3.1.4 дене жаттығуларын орындау кезінде организмдегі дене өзгерістерін анықтау; 1.3.1.5 үлгі бойынша әртүрлі жағдайларда релаксация техникасын қолдану</p>	<p>дене қызметіндегі сергіту мен тоқтаусыз жасалатын жаттығулардың маңыздылығын түсіндіру; 2.3.1.4 дене жаттығуларын орындау кезінде организмдегі дене өзгерістерін қалай бақылауды білу; 2.3.1.5 эмоционалды күш түсіруді алу үшін және релаксация техникасын білу және қолдану</p>	<p>а талқы мәтін құрау; 3.3.1.3 дене қызметіндегі сергіту мен тоқтаусыз жасалатын жаттығулар процесін сипаттау; 3.3.1.4 дене жаттығуларын орындау кезінде дене өзгерістерін анықтау үшін бақылау стратегияларын көрсету және түсіндіру; 3.3.1.5 сөйлеу нұсқаулығы бойынша әртүрлі жағдайларда релаксация техникасын қолдану</p>	<p>мен сөз дайындау; 4.3.1.3 дене қызметіндегі сергіту және тоқтаусыз жасалатын жаттығулардың қажеттілігін талқылау және көрсету; 4.3.1.4 дене жаттығуларын орындағаннан кейін немесе жаттығу барысындағы дене өзгерістерін бақылау бойынша бақылау стратегияларын игеру 4.3.1.5 эмоционалды күш түсіруді алу үшін әртүрлі релаксация техникаларын өздігінен қолдану және араластыру</p>
--	---	---	--	---	--

3.2 Қауіпсіз дік техника сы	0.3.2.1 дене жаттығулар ы қатарын орындау кезінде мүмкін болатын қиындықтар мен тәуекелдер туралы білу; 0.3.2.2 мұғаліммен бірге жасалатын оқу әрекеттерін жоспарлау және бағалау; 0.3.2.3 дене жаттығуына қатысу мүмкіндігі мен шектеулері туралы дұрыс түсінікті қалыптасты ру; 0.3.2.4 вербалды және вербалды емес деңгейде сұхбаттасу шыға кұрмет	1.3.2.1 дене жаттығулар ы қатарын орындау кезіндегі қиындықтар мен тәуекелдерд і анықтау; 1.3.2.2 мұғалімнің үлгісі бойынша жасалатын алға қойылған тапсырмаға сәйкес оқу әрекеттерін бақылау және бағалау; 1.3.2.3 ойын алаңқайынд а және спорт залда өзін-өзін ұстау қауіпсіздігі қажеттілігін түсіну; 1.3.2.4 мәдени сөйлеу қарым- қатынасы ережелерін білу және орындау	2.3.2.1 дене жаттығула рын орындау кезінде оның негізгі ықпал ету жолдарын анықтай отырып, қиындықта ры мен тәуекелдер ін түсіну; 2.3.2.2 алға қойылған тапсырмағ а сәйкес орындалат ын оқу әрекеттері н өздігінен жоспарлау , бақылау және бағалау; 2.3.2.3 ойын алаңқайын да және спорт залда өзін- өзін ұстау қауіпсіздіг і қажеттілігі ережелерін білу және орындау; 2.3.2.4	3.3.2.1 денсаулықт ы бекітуге ықпал етуші дене жаттығулар ын орындау кезінде сәйкес түрде ықпал ете отырып, тәуекелдер мен мен қиындықтар мен қалай күресу керек екенін түсіну және көрсету; 3.3.2.2 мұғаліммен бірге жеткен нәтиже түріндегі қызмет мақсаттары мен міндеттерін тұжырымда у; 3.3.2.3 ойын алаңқайынд а және спорт залда өзін-өзін ұстау қауіпсіздігі қажеттілігі ережелерін орындауды көрсету;	4.3.2.1 денсаулыққ а ықпал етуші дене жаттығулар ын орындау кезіндегі қиындықтар мен тәуекелдер мен күрсеуге көмектесу үшін сәйкес етулерді таңдау және қолдану; 4.3.2.2 қажетті нәтиже түріндегі қызмет мақсаттары мен міндеттері өздігінен тұжырымда у; 4.3.2.3 ойын алаңқайынд а және спорт залда өзін-өзін ұстау қауіпсіздігі қажеттілігі ережелерін орындауды бақылау; 4.3.2.4 әртүрлі
---	--	---	---	--	--

	көрсету		олардың қарым-қатынасын көрсете отырып, сөйлеу этикетінің нормаларын игеру	3.3.2.4 вербалды және вербалды емес оң сөйлеу қарым-қатынасын ережелерін сақтау	формалар мен сөйлеу стильдерін пайдалана отырып, өз пікірін әдеби тілдің нормаларын а сәйкес білдіру
--	---------	--	--	---	--

29. Бағдарлама сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Бейімделген дене шынықтыру» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

30. Бөлім мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Бастауыш білім беру деңгейінің
0-4 сыныптары үшін «Бейімделген дене
шынықтыру» пәнінен жаңартылған
мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына
қосымша

Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған
бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Бейімделген дене шынықтыру»
пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша
ұзақмерзімді жоспар

1) 0-сынып:
1-кесте

Бөлімдер	Бөлімнің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1 - тоқсан		
1. Пәнді игеруге кіріспе	Қауіпсіздік техникасы. «Бейімделген дене шынықтыру» – денсаулық сабағы	0.3.2.1 бірқатар дене жаттығуларын орындау кезінде қиындықтар мен тәуекелдерді білу; 0.3.2.2 мұғаліммен бірге оқу әрекеттерін жоспарлау және бағалау; 0.3.1.1 адам өміріндегі денсаулықтың пайдасы туралы түсінікке ие болу, оны сақтау үшін дене қызметінің рөлін түсіну; 0.3.1.2 белсенді тыңдау дағдысын игеру
	Сенің дене мүмкіндіктерің	0.3.1.3 сергіту және шынықтыру жаттығулары және олардың дене қызметіндегі орны туралы түсінікке ие болу; 0.1.1.2 негізгі пәндік терминдерді түсіну; 0.3.1.4 мұғалімнің көмегімен орындалатын дене жаттығуларын орындау кезінде организмде болатын физикалық өзгерістерді түсіну
2. Жеңіл атлетика	Жүгіру және жүру	0.1.1.1 мұғаліммен бірге, ұқсата отырып негізгі қозғалыстарды орындау; 0.1.1.2 негізгі пәндік терминдерді түсіну; 0.1.1.5 дене жаттығуларын орындау кезіндегі қиындықтарды түсіну және сөзбен жеткізу; 0.1.1.6 сөйлеу этикетінің формулаларын бағыттық және ынталандыру тұрғысынан пайдалану
	Секірулер мен лақтырулар	0.1.1.1 мұғаліммен бірге, ұқсата отырып негізгі қозғалыстарды орындау; 0.1.1.2 негізгі пәндік терминдерді түсіну; 0.1.1.3 мұғаліммен бірге орындалатын әрекет деңгейіндегі негізгі дене жаттығуларын орындау; 0.1.1.4 нормативті, жалпықолданыстағы ишараттың мәнін түсіну, ырғақ, дауыстың күші мен жоғарылығының әлеуметтік мәнін түсіну

3. Өзара әрекет ету ойындары	Сюжеттік қозғалыс ойындары «Көбелектер мен құрттар» ойыны	0.2.1.1 мұғалімнің бағыттаушы көмегін қолдана отырып, ұжымдық дене қызметі процесіндегі стратегиялар мен жоспарлар, қозғалыс ойындарын жүзеге асыру; 0.2.1.2 дене міндеттерін шешу процесіндегі оқу міндетін басты назарға алады
	Қозғалыс дағдылары «Қырыаяқ» ойыны	0.1.1.3 мұғаліммен орындалатын әрекет деңгейіндегі негізгі дене жаттығуларын орындау; 0.1.1.4 жалпы қолданыстағы нормативті ым-ишараттың мәнін түсіну, ырғақ, дауыстың күші мен жоғарылығының әлеуметтік мәнін түсіну; 0.2.3.7 сюжеттік ойындағы қарапайым қозғалыстарды орындау кезіндегі өзінің рөлін түсіну
	Шағын топтар мен жұптардағы қарым-қатынас дағдылары	0.2.1.1 мұғалімнің бағыттаушы көмегін қолдана отырып, ұжымдық дене қызметі процесіндегі стратегиялар мен жоспарлар, қозғалыс ойындарын жүзеге асыру; 0.2.1.2 дене міндеттерін шешу кезіндегі оқу мақсаты; 0.2.2.1 әртүрлі дене жаттығуларын орындау кезіндегі жағымды оқу ортасын құрудың маңыздылығын түсіну, мұғалімнің басшылығымен кеңістікті, ресурстар мен идеяларды бөлісу
4. Денсаулық пен дене белсенділігі	Дене жаттығуларының пайдасы	0.3.2.3 дене қызметіндегі мүмкін болатын қатысулар мен шектеулер туралы дұрыс түсінік қалыптастыру; 0.3.2.4 вербалды және вербалды емес деңгейде сұхбатташуға құрметпен қарау
2 - тоқсан		
5. Акробатика элементтері бар гимнастика	Қауіпсіздік техникасы. Мүсін мен координация	0.3.2.1 дене жаттығуларын орындау кезіндегі мүмкін болатын қиындықтар мен тәуекелдер туралы білу; 0.3.2.2 мұғаліммен орындалатын оқу әрекеттерін жоспарлау және бағалау; 0.3.1.3 сергіту және шынықтыру жаттығулары және олардың дене қызметіндегі орны туралы түсінікке ие болу; 0.3.1.4 мұғалімнің көмегімен орындалатын дене жаттығуларын орындау кезінде организмде болатын дене өзгерістерін түсіну
	Гимнастикалық фигуралар	0.1.1.3 мұғаліммен орындалатын әрекеттер деңгейіндегі негізгі дене қозғалыстарын орындау; 0.1.1.4 жалпы қолданыстағы нормативті ым-ишараттың мәнін түсіну, ырғақ, дауыстың күші мен жоғарылығының әлеуметтік мәнін түсіну; 0.1.2.6 қолжетімді вербалды және вербалды емес құралдары қолдана отырып, көмекке жүгіне алу

	Қарапайым гимнастикалық снарядтардағы қозғалыстар	0.1.2.1 әртүрлі дене жаттығулары кезіндегі қозғалыстар барысында уақыт, кеңістік, салмақ және ырғақтылық туралы қарапайым түсініктерге ие болу; 0.1.2.2 негізгі қозғалыстарды орындау сапасына бақылау жасау үшін көру анализаторын пайдалану; 0.1.2.5 мұғалімнің көмегімен қозғалыс дағдылары бойынша өзінің дағдылары мен кемшіліктерін білу және бағалау; 0.1.2.6 қолжетімді вербалды және вербалды емес құралдары қолдана отырып, көмекке жүгіне алу
	Кеңістіктегі қозғалыс	0.1.2.3 әртүрлі кеңістікте қарапайым әрекеттер қатарын мұғалімнің көмегімен жүзеге асыру; 0.1.2.4 мұғалімнің ауызша нұсқаулығымен әрекет ету; 0.1.2.5 мұғалімнің көмегімен қозғалыс дағдылары бойынша өзінің дағдылары мен кемшіліктерін білу және бағалау
	Имитациялық жаттығулар	0.1.1.3 мұғаліммен бірге жасалатын жаттығулар деңгейінде негізгі дене қозғалыстарын орындау; 0.1.1.4 жалпы қолданыстағы нормативті ым-ишараттың мәнін түсіну, ырғақ, дауыстың күші мен жоғарылығының әлеуметтік мәнін түсіну;
6. Қазақтың ұлттық қозғалыс ойындары	Қазақ халқының дәстүрлері	0.2.3.5 патриотизм туралы және оның көріну жолдары туралы негізгі түсініктерге ие болу; 0.2.3.6 пәндік лексиканы пайдаланумен әрекеттерді сөзбен жеткізу; 0.2.3.7 сюжеттік ойында қарапайым қозғалыстарды орындауда өз рөлін түсіну; 0.2.3.3 негізгі шығармашылық стратегиялар мен идеяларды білу; 0.2.3.4 оқу міндетін түсіну, нақтылау сұрақтарын қою
	«Жапалақ пен қарлығаштар», «Балапандар» атты ұлттық қозғалыс ойындары	0.2.3.1 мұғаліммен бірге шығармашылық міндеттерді шешу; 0.2.3.2 сөйлеудің дыбыстық мәдениетін жетілдіруге ұмтылуды көрсету
3 - тоқсан		
7. Денсаулық және дене белсенділігі	Қауіпсіздік техникасы. Жүрек қағысы мен адамның тыныс алуы	0.3.2.1 дене жаттығуларын орындау кезіндегі мүмкін болатын қиындықтар мен тәуекелдер туралы білу; 0.3.2.2 мұғаліммен орындалатын оқу әрекеттерін жоспарлау және бағалау; 0.3.1.4 мұғалімнің көмегімен орындалатын дене жаттығуларын орындау кезінде организмде болатын дене өзгерістерін түсіну 0.3.1.5 ұқсатып жасау бойынша релаксация

		техникасын жүзеге асыру
	Қозғалыс – денсаулыққа апаратын жол	0.3.1.1 адам өміріндегі денсаулықтың мәні туралы түсінікке ие болу, оны ұстап тұру үшін дене қызметінің рөлін түсіну; 0.3.1.2 белсенді тыңдау дағдысын игеру
	Развитие опорно-двигательного аппарата	0.1.2.3 әртүрлі кеңістіктегі қарапайым әрекеттер қатарын мұғалімнің көмегімен жүзеге асыру; 0.1.2.4 мұғалімнің ауызша нұсқаулығы бойынша әрекет ете алу
8. Қозғалыс ойындары	Ойын – дене тәрбиесінің құралы	0.2.2.1 әртүрлі дене жаттығуларын орындау кезіндегі жағымды оқу ортасын құрудың маңыздылығын түсіну, мұғалімнің басшылығымен кеңістікті, ресурстар мен идеяларды бөлісу; 0.2.2.2 қарым-қатынас және өзара әрекетте ету кезінде серіктесіне бағытталу
	«Өткеншек» қозғалыс ойыны	0.2.2.3 мұғалімнің көмегімен ұйымдастырылған дене белсенділігі кезінде қарапайым ережелер мен құрылымдық тәсілдерді білу және орындау; 0.2.2.4 оқу тапсырмаларын тыңдау, түсіну және қабылдау
	«Допты тап» доппен ойналатын ойын	0.2.2.3 мұғалімнің көмегімен ұйымдастырылған дене белсенділігі кезінде қарапайым ережелер мен құрылымдық тәсілдерді білу және орындау; 0.2.2.4 оқу тапсырмаларын тыңдау, түсіну және қабылдау; 0.1.2.5 мұғалімнің көмегімен қозғалыс дағдылары бойынша өзінің кемшіліктері мен дағдыларын білу және бағалау; 0.1.2.6 қолжетімді вербалды және вербалды емес құралдары қолдана отырып, көмекке жүгіне алу
	Секірмемен жасалатын жаттығулар мен ойындар	0.1.2.1 әртүрлі дене жаттығулары кезіндегі қозғалыстар барысында уақыт, кеңістік, салмақ және ырғақтылық туралы қарапайым түсініктерге ие болу; 0.1.2.2 негізгі қозғалыстарды орындау сапасына бақылау жасау үшін көру анализаторын пайдалану
4 - тоқсан		
9. Өзара бірге ойналатын ойындар	Қауіпсіздік техникасы	0.3.2.1 дене жаттығулары қатарын орындау кезінде мүмкін болатын қиындықтар мен тәуекелдер туралы білу; 0.3.2.2 мұғаліммен бірге орындалатын әрекеттерді жоспарлау және бағалау
	«Кімді ұстағанын тап!» қарым-қатынас дағдыларын дамыту ойындары	0.1.1.3 мұғаліммен бірге жасалатын әрекеттер деңгейіндегі негізгі дене қозғалыстарын орындау; 0.2.1.1 мұғалімнің бағыттаушы көмегін қолдана отырып, ұжымдық дене қызметі процесіндегі

		<p>стратегиялар мен жоспарлар, қозғалыс идеяларын жүзеге асыру;</p> <p>0.2.1.2 дене жаттығулары міндеттерін шешу барысындағы оқу мақсатын назарға алу;</p> <p>0.2.1.3 топтағы қарым-қатынас міндеттерін мұғалімнің ұйымдастырушылық көмегімен шешу</p>
	Ойындарға арналған шығармашылық идеялар	<p>0.2.3.1 мұғаліммен бірге шығармашылық міндеттерді шешу</p> <p>0.2.3.2 сөйлеудің дыбыстық мәдениетін жетілдіруге ұмтылуды көрсету;</p> <p>0.2.3.3 негізгі шығармашылық стратегиялар мен идеяларды білу;</p> <p>0.2.3.4 оқу міндетін түсіну, нақтылау сұрақтарын қою</p>
10. Денсаулық және дене белсенділігі	Ашық ауадағы дене қызметі	<p>0.3.2.1 дене жаттығулары қатарын орындау кезіндегі мүмкін болатын қиындықтар мен тәуекелдер туралы білу;</p> <p>0.3.2.2 мұғаліммен бірге оқу әрекеттерін жоспарлау және бағалау;</p> <p>0.3.1.1 адам өміріндегі денсаулықтың мәні туралы түсінікке ие болу, оны сақтау үшін дене қызметінің рөлін түсіну;</p> <p>0.3.1.2 белсенді тыңдау дағдыларын игеру</p>
	Жылдамдық, күш және шапшаңдық	<p>0.1.2.1 әртүрлі дене жаттығулары кезіндегі қозғалыстар барысында уақыт, кеңістік, салмақ және ырғақтылық туралы қарапайым түсініктерге ие болу;</p> <p>0.3.1.4 мұғалімнің көмегімен орындалатын дене жаттығуларын орындау кезінде организмде болатын дене өзгерістерін түсіну;</p> <p>0.3.1.5 ұқсау бойынша релаксация техникасын жүзеге асыру</p>
	Секіруді дамыту	<p>0.1.2.3 әртүрлі кеңістікте қарапайым әрекеттер қатарын мұғалімнің көмегімен жүзеге асыру;</p> <p>0.1.2.4 мұғалімнің ауызша нұсқаулығымен әрекет ете алу</p>
	Қозғалыс қызметіндегі белсенділік дербестілік пен	<p>0.3.2.3 дене жаттығуларына қатысу мүмкіндіктері мен шектеулері туралы дұрыс түсінік қалыптастыру;</p> <p>0.3.2.4 сұхбат берушіге вербалды және вербалды емес деңгейде құрмет көрсету;</p> <p>0.1.1.3 мұғаліммен бірге орындалатын жаттығулар деңгейінде негізгі қозғалыстарды орындау;</p> <p>0.1.1.5 дене жаттығуларын орындау кезінде пайда болатын қиындықтарды түсіну және сөзбен жеткізу;</p> <p>0.2.1.4 қозғалыс мақсаттарына қол жеткізу үшін дағдыларды жүзеге асыру</p>

2) 1-сынып:

2-кесте

Бөлімдер	Бөлімнің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1 - тоқсан		
